

АНЫҚТАМА № 85

Бақылау тақырыбы: Оқушыларға рухани-жыныстық тәрбие беру сапасы

Бақылау мақсаты: Оқушыларға рухани-жыныстық тәрбие беру сапасын анықтау

Бақылау объектісі: 8-10 сыныптары

Бақылау түрі: шолу бақылау

Бақылау әдістері: Құжаттармен жұмыс. Тәрбие сағаттарына қатысу

Орындау мерзімі: Желтоқсан

Жауапты тұлғалар: ТДЖО

Қарау орны: ӘБ

Басқарушылық шешім: Ақпарат

Екінші бақылау: Ішжартыжылдық

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де оқушыларға рухани-жыныстық тәрбие беру сапасы туралы анықтама.

Жыныстық тәрбие берудің өзекті мәселелері тақырыбы бойынша «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ іс-шаралар өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға жыныстық денсаулық жайлы ақпарат беру.

8-10 сынып оқушыларымен сынып сағаттар өтті. Мектептің медициналық қызметкері оқушылармен «Ерте жастағы жүктілік» туралы әңгіме өткізді.



Тәрбие ісінің меңгерушісі Кишкентаева Д.О. және мектептің медициналық қызметкері Мырзабаева Динара Толегеновна 8-10 сынып оқушылар қыздармен «Ранняя беременность: как ее не допустить и что делать, если она случилась?» тақырыбына әңгіме жүргізілді.

Мектеп психологы Исакова А.Е. 9 «А» сынып оқушыларымен «Ерте жүктілікке жол жоқ» атты әңгіме жүргізді. Мектеп психологі Кишкентаева Д.О.. 8-9 «Б» сынып оқушыларымен «Ранняя беременность» тақырыбына әңгіме өткізді.

Балаларға мынадай «болмайды!» деген 7 ережені үйретіп қойыңыз:

1. Бөгде адаммен көшеде сөйлесуге және танымайтын адамды үйге кіргізуге болмайды.
2. Танымайтын ер адаммен подъезге, лифтіге бірге кіруге болмайды. Кез-келген әйел адамның келуін күт.
3. Үлкендерсіз (ата-анансыз, мұғалімсіз, ересек туысқандарыңыз) бөгде машинаға отыруға болмайды.
4. Танымайтын адамнан сыйлық алуға, танымайтын адамның үйіне немесе басқа да бір шақырған жерге баруға болмайды.
5. Далада көп уақыт, әсіресе түн қараңғылығында жүруге болмайды.
6. Егер үйде үлкен адамдар жоқ болса, пәтердің есігін ешкімге ашуға болмайды. (танымайтын адам су сұрауы мүмкін, телефон шалайын деп едім, немесе ата-анаңа хат жазып қалдырайын деп едім, құжат тастап кететін едім десе де ашпа)
7. «Тәуекел топ» адамдарымен байланыс жасауға болмайды. (маскүнемдер, ішкіштер, нашақорлар, сотталғандар), ол сіздің подъезіңізде тұратын көршіңіз болса да, алыс туысқаныңыз болса да.

Рухани-жыныстық тәрбие берудегі ережелер:

Кез-келген басқа тақырыпты талқылау кезінде сөйлесуді табиғи түрде жүргізуге тырысыңыз.

АНЫҚТАМА № 86

Бақылау тақырыбы: Оқушыларға құқықтық тәрбие беру және құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстарының жағдайы/жеке бақылау

Бақылау мақсаты: құқық бұзушылықты алдын алу

Бақылау объектісі: 1-10 сынып оқушылары

Бақылау түрі: жалпы сыныптық бақылау

Бақылау әдістері: сабақтарға, тәрбие сағаттарына қатысу, құжаттарын тексеру

Орындау мерзімі: құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстарының қорытындысы

Жауапты тұлғалар: ДОІЖО, сынып жетекшілері, психолог

Қарау орны: ДЖО

Басқарушылық шешім: жоспар

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де : оқушыларға құқықтық тәрбие беру және құқық бұзушылықты алдын алу жұмыстарының жағдайы/жеке бақылау туралы анықтама.

Әрбір адамның өмірде толыққанды тұлға болып қалыптасуында құқықтық тәрбиенің алар орны ерекше. Тәрбиенің санқырын қарастырсақта құқықтық тәрбие, құқықтық сауаттылық кош ілгері болмақ. Қазіргі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе бүгінде көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді елен қылуда. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз.

Жасөспірімдердің қылмыс жасауының себептерін қарастырар болсақ; кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс бос уақыттарында немен шұғылданып жүргендерін қадағаламауынан орын алады. «Ел болам десен, бесігінді түзе» деп атамыз қазақ айтқандай, әр-бір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізер еді.

Жалпы мектеп бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жоспар құрастырылды, іс шаралар жүргізіледі.

Біздің мектепте құқық бұзушылық тізімінде тұрған оқушылар жоқ.

Қорытындылар: оқушыларға құқықтық тәрбие беру және құқық бұзушылықты алдын алу бойынша жұмыстар жүргізіледі, сынып бақыланады.

Ұсыныстар: тәртіп пен тәрбие жайлы жұмыстарды жалғастыру.

Тәрбие ісінің меңгерушісі: Кишкентаева Д.О.

Оқу ісінің меңгерушілері: Беймагамбетова А.Т.
Кожаметова А.М.

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

АНЫҚТАМА № 89

Бақылау тақырыбы: «Әлихан Бөкейхановтың туғанына 160 жыл» дөңгелек үстел

Бақылау мақсаты: Патриоттық тәрбие беру

Бақылау объектісі: 1-10 сыныптары

Бақылау түрі: жалпы

Бақылау әдістері: дөңгелек үстел ұйымдастыру

Орындау мерзімі: желтоқсан, іс -шараның қорытындысы

Жауапты тұлғалар: тарих пәнінің мұғалімі

Қарау орны: ӘБ

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау: II жартыжылдық

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де оқушыларға «Әлихан Бөкейхановтың туғанына 160 жыл» дөңгелек үстел туралы анықтама.

«Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де « Жол картасы» аясында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 9 сынып оқушыларымен «Әлихан Бөкейхановтың туғанына 160 жыл» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларға алаштың Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейхановты таныстыра отырып, адамгершілік, рухани тәрбиеге тәрбиелеу. Қазақ автономиясының құрылуын насихаттау. Тәуелсіздігімізді айқындау.

Іс- шара оқушылардың ойын шоғырландырып, ҚР-ның Әнұранымен басталды.

Оқушыларға сұрақтар қойып, жауаптары арқылы Тәуелсіздігіміз оңай келмегендігін естеріне түсірді. Балалар тәуелсіздік жайлы өлең оқып, мәліметтермен бөлісті. Желтоқсан құрбандарын еске алып, 1 минут үнсіздік жарияланды. Әлихан Бөкейханов туралы мәліметтер айтылды. Шығармаларынан үзінді көрсетілді.



Қорытынды: жоспарланған іс -шара өз деңгейінде өтілді.

Ұсыныс: оқушылардың патриоттыққа сезімдерін арттыру.

Оқу ісінің меңгерушілері:

А.Т.Беймагамбетова
А.М.Кожаметова

АНЫҚТАМА №88

Бақылау тақырыбы: II жартыжылдық бойынша КТЖ тексеру жұмыстары.

Бақылау мақсаты: II жартыжылдық бойынша сағаттар санының сәйкестігі.

Бақылау объектісі: пән мұғалімдердің жоспарлары.

Бақылау түрі: тақырыптық

Бақылау әдістері: бақылау

Орындау мерзімі: қаңтар

Жауапты тұлғалар: әкімшілік

Қарау орны: ДЖК

Басқарушылық шешім: ақпарат

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де II жартыжылдық бойынша КТЖ тексеру жұмыстары туралы анықтамасы.

Мектеп бойынша II жартыжылдық КТЖ пән мұғалімдерінің тексерілді. Күндерін қаламмен толтыру керектігі айтылды. Барлық мұғалімдердің КТЖ жоспары тексерілді. Білімклассқа КТЖ осы жоспарға сай толтыру керектігі ескертілді. Тайшыбаев Дамир Кайратовичке тексеру кезінде 6 сағат деп көрсетілген тақырыптарды 3 сағатпен қою керектігі түсіндірілді. Суйкумбаев Дастан Сакеновичке демалыс күндерін қойылғаны туралы айтылды, өзгерту керектігі түсіндірілді. Төребай Жасарбекке БЖБ мен ТЖБ ретін сандармен қою керектігі түсіндірілді.

- Көпшілік пәндер бойынша КТЖ оқу бағдарламасына сәйкес құрылғаны анықталды;
- Сабақ тақырыптарының мерзімдік сәйкестігі сақталған;
- Қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмалары жоспарға енгізілген;
- Кейбір пәндерде күнтізбелік мерзімдер бойынша ауытқулар байқалды (себебі: мерекелік күндер, ауа райына байланысты өзгерістер, оқушылардың қатыспауы және т.б.).

Анықталған кемшіліктер бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетіліп, түзету жұмыстары жүргізілді. Жалпы алғанда, II жартыжылдық бойынша КТЖ орындалу деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды.

Ұсыныстар:

1. КТЖ-ны уақытылы түзетіп, өзгерістерді белгілеу;
2. Оқу мақсаттарының орындалуын жүйелі бақылау;
3. Бағалау құжаттарын талапқа сай рәсімдеу.

Қорытынды: пән мұғалімдері КТЖ бағдарламаға сай жүргізу керектігі айтылды.

Анықтама жасалған күні: қаңтар 2026ж.

Оқу ісінің орынбасарлары:

**Кожухметова А.М.
Беймагамбетова А.Т.**

АНЫҚТАМА №90

Бақылау тақырыбы: Дайындық сыныбы I жартыжылдық қорытындысы бойынша жағдайының талдамасы

Бақылау мақсаты: Жартыжылдық жоспардың орындалуы, даярлық топта сабақ беру жағдайы

Бақылау объектісі: Даярлық сыныбы балалары

Бақылау түрі: Дербес

Бақылау әдістері: Құжаттарды тексеру, сабақтарына қатысу, жұмысты талдау

Орындау мерзімі: қаңтар

Жауапты тұлғалар: Директордың ОІЖО Беймағамбетова А.Т., Қожахметова А.М

Қарау орны: ОІЖО

Басқарушылық шешім: Анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де дайындық сыныбы I жартыжылдық қорытындысы бойынша жағдайының талдамасының анықтамасы.

Даярлық сыныптарының жоспары оқу жылының бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылды. Балалардың жас ерекшеліктері де өз жастарымен сәйкес келеді. Тәрбиешілер Сунгатовна Мадина Жардемевна мен Христич Марина Викторовнаның перспективкалық жоспары құрастырылған, сабақ кестесі және циклограммалары бар. Қазақша топ таңертең оқиды. Орысша топ түске қарай оқиды.

I – смена	II – смена
$1.9^{00}-9^{25} (10)$	$1.11^{40}-12^{05} (10)$
$2.9^{35}-10^{00}(10)$	$2.12^{15}-12^{40}(10)$
$3.10^{10}-10^{35}(10)$	$3.12^{50}-13^{15}(10)$
$4.10^{45}-11^{10}$	$4.13^{25}-13^{50}$

Даярлық сыныптарына жоспарға сай сабаққа кірілді. Сабақ кезіндегі кемшіліктер тәрбиешілерге айтылды. Балалардың сабақта отырулары, сабырлықтары көрінді. Берілген тапсырмаларды орындай алады, ауызша жауап бере алады, сөйлеу дағдылары бар екендігі көрінді. Тәрбиешілер балалардың даму бойынша мониторингісі жасалды. Бақылау парағын толтырды. Оқушылардың кешенді талдамасы бойынша көрсеткіштер жасалды, қорытындысы шығарылды.

Қорытындылар:

Даярлық топтарда ойындар мен сабақтар үшін жағдайды жақсарту қажет. Сабақтар мен ойыншықтарға арналған жиһаз, әдістемелік құралдар, дидактикалық ойындар, дизайнерлер қолданыз.

АНЫҚТАМА №91

Бақылау тақырыбы: 9 сыныптарында тарих пәнінің өткізілуі жағдайы

Бақылау мақсаты: Сынып ұжымының ұйымдастырылу жағдайын, әртүрлі пәндер бойынша оқушылардың дайындық деңгейін анықтау.

Бақылау объектісі: 9 сынып оқушылары

Бақылау түрі: дербес

Бақылау әдістері: фронталды

Орындау мерзімі: қаңтар

Жауапты тұлғалар: директордың ОІЖО, психологтар

Қарау орны: ОІЖО кеңесінде

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де 9 сыныптарында тарих пәнінің өткізілуі жағдайы анықтамасы.

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында 9-сыныптарда тарих пәні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілуде. Пән бойынша оқу жүктемесі бекітілген оқу жоспарына сай орындалуда. 9-сыныптарда Қазақстан тарихы және Дүниежүзі тарихы пәндері оқытылады. Сабақтар мемлекеттік стандартқа сәйкес апталық жүктемемен жүргізіліп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар уақытылы әзірленіп, мектеп әкімшілігі тарапынан бекітілген. Сабақ барысында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріліп, жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес белсенді оқыту әдістері (топтық жұмыс, пікірталас, жобалық жұмыстар, дереккөздермен жұмыс) қолданылуда. Цифрлық білім ресурстары мен көрнекі құралдар тиімді пайдаланылуда. Оқушылардың оқу жетістіктері қалыптастырушы және жиынтық бағалау арқылы жүйелі түрде бағаланып отыр. Бақылау нәтижелері бойынша оқушылардың білім сапасы қанағаттанарлық деңгейде. Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстар ұйымдастырылған.

Қорытынды: 9-сыныптарда тарих пәнінің оқытылу жағдайы қанағаттанарлық деңгейде, оқу бағдарламасы талапқа сай орындалуда.

Ұсыныс: оқушыларға картамен көбірек жұмыс жүргізілсін.

Анықтама жасалған күні: қаңтар 2026 ж.

Оқу ісінің орынбасарлары:

Кожухметова А.М.

Беймагамбетова А.Т.

АНЫҚТАМА №92

Бақылау тақырыбы: Тарих декадасы

Бақылау мақсаты: Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері пәндерінің жүргізілу жағдайы.

Бақылау объектісі: 5-10 сынып оқушылары

Бақылау түрі: жоспарлы

Бақылау әдістері: кешенді жалпылама

Орындау мерзімі: 12-23 қаңтар

Жауапты тұлғалар: директордың ОІЖО, ӘБ жетекшісі

Қарау орны: ОІЖО

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де Тарих декадасының анықтамасы.

2026 жылы 12.01. – 23.01. аралығында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де тарих және құқық негіздері апталығы өтті.

Пәндік апталар жыл сайын әдістемелік және ғылыми – әдістемелік жұмыс жоспары шеңберінде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, сондай-ақ білім алушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамыту мақсатында өткізіледі

Мақсаттары:

- «Тарих», «Құқық негіздері» бойынша білімдерін тереңдету
- күнделікті өмірде теориялық білімді практикада қолдану қабілетін қалыптастыру
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, бастамашылығын және өзін-өзі ұйымдастыруын дамыту

Міндеттері:

- ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды дайындау, ұйымдастыру және өткізу арқылы педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру
- шығармашылық қабілеті бар, белгілі бір оқу пәнін немесе білім беру саласын тереңдетіп оқуға ұмтылатын білім алушыларды анықтау
- оқушылардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру және олардың әлеуметтенуін қамтамасыз ету
- оқушылар мен олардың ата-аналары арасындағы, оқушылар мен мұғалімдер арасындағы, мектептің әртүрлі сыныптарының оқушылары арасындағы өзара қарым-қатынасты дамытуға ықпал ету.

Пәндік аптада, алдын ала бекітілген жоспарға сәйкес, келесі іс-шаралар өткізілді:
12 қаңтар күні тақырыптық саптық жиында оқушылар онкүндіктің өткізілу жоспарымен таныстырылды. Алдағы уақытта оқушыларды танымдық сабақтар, викториналар, байқаулар және түрлі қызықты іс-шаралар күтуде.



АНЫҚТАМА №93

Бақылау тақырыбы: Жас мамандар, зейнеткер ұстаздардың сабақ беру жайы

Бақылау мақсаты: Сабақ беру сапасын, ҚМЖ болуы, әдіс тәсілдер пайдалануы.

Бақылау объектісі: жас мамандар, зейнеткер ұстаздар.

Бақылау түрі: жоспарлы

Бақылау әдістері: жалпы

Орындау мерзімі: үнемі

Жауапты тұлғалар: ОІЖО

Қарау орны: ДЖК

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де жас мамандар, зейнеткер ұстаздардың сабақ беру жайы оқу туралы анықтамасы.

Өзара сабаққа кіру жоспарына сай жас мамандар мен зейнеткер ұстаздардың сабақтарына кірілді. Баймагамбетова Айтжан Нуржановнаның 7Б алгебра, 8Б геометрия сабақтарына кірілді. Сабақ әдеттегідей дәстүрлі түрде өтілді. Оқушылар үй тапсырмасын жазған, бірақ интернеттен дайынды көшіріп келетін оқушыларда бар екені көрініп тұр. Себебі, мұғалім жауабын сұраса, айта алмайтын оқушыларда бар. Бірден көзге көрініп тұр көшіргені. Оқушылар оқулық бойынша есептер шығарды. Мұғалім жаңа сабақты тақтаның алдында түсіндірді. Жас маман Ақпанбаев Данияр Куладыновичтың 1Б дене шынықтыру сабағы кірдім. Сабағының күнделікті жоспары жоқ, шығарып әкелмеген. Сабақ дене жаттығуларынан басталды. Саппен тұрып жаттығулар жасалды. Сосын ретке бөлініп, тышқан мен мысық ойнады. Мұғалім сабақты бірсарынды өткізді. Арасында басқа да ойын түрлерін ойнатуды айтылды. Қауіпсіздік ережелері түсіндірілмеді. Сондықтан мұғалімге күнделікті дайындықпен келуді ескертілді. Суйкумбаев Дастан Сакеновичтың 5Б математика сабағына кірілді. Мұғалімнің сабақ жоспары жоқ, шығармаған, электронно да көрсете алмады. Сондықтан сабақ тақтады есеп шығарумен өтті. Барлық оқушылар есептерді тақтада шығарды және өздік есептерде шығарылды.

Қорытынды: Пән мұғалімдеріне күнделікті сабақтарына күнде дайындықпен келу ескертілді. Дайындықсыз сабаққа кірілмейтіндері ескертілді.

Ұсыныс: Көрсетілген кемшіліктерді жою, сабаққа әртүрлі әдіс тәсілдерді, оқу платформаларын күнде қолдану.

Оқу ісінің орынбасарлары: Кожухметова А.М.

Беймагамбетова А.Т.

АНЫҚТАМА №94

Бақылау тақырыбы: Оқу процесін оңтайландыру, оқушылар үлгермеушілігінің алдын алу және жою тәсілі

Бақылау мақсаты: Оқушылар біліміндегі кемшіліктерді жою жұмысының жүйесін анықтау.

Бақылау объектісі: пән мұғалімдер.

Бақылау түрі: жаппай

Бақылау әдістері: сабақтарға қатысу

Орындау мерзімі: 05-25 қаңтар

Жауапты тұлғалар: ДОІЖО

Қарау орны: ДЖК

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де оқу процесін оңтайландыру, оқушылар үлгермеушілігінің алдын алу және жою тәсілі туралы анықтамасы.

Оқу процесін оңтайландыру – оқу мен оқыту әдістерін, мазмұнын, формалары мен құралдарын тиімді ұйымдастыру арқылы оқушылардың білімді сапалы әрі нәтижелі меңгеруін қамтамасыз ету. Бұл үдеріс:

- оқу жүктемесін тиімді бөлу;
- заманауи педагогикалық технологияларды қолдану;
- оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру;
- оқытудағы кері байланысты жүйелі жүргізу;
- цифрлық ресурстарды пайдалану сияқты бағыттарды қамтиды.

Үлгермеушіліктің алдын алу – білім алушылардың оқу материалын толық меңгермеуінің себептерін ерте анықтап, соған сәйкес педагогикалық қолдау көрсету. Негізгі тәсілдері:

- диагностикалық бақылау жүргізу;
- жеке және сараланған тапсырмалар беру;
- қосымша түсіндіру және кеңес ұйымдастыру;
- ата-анамен бірлескен жұмыс;
- мотивацияны арттыру.

Үлгермеушілікті жою – білім алуда артта қалған оқушылармен жүйелі түзету жұмысын жүргізу арқылы олардың білім деңгейін қалыпқа келтіру. Бұл үшін:

- жеке оқу жоспары жасалады;
- қосымша сабақтар ұйымдастырылады;
- қайталау және бекіту жұмыстары жүргізіледі;
- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетіледі.

Қорытындылай келе, оқу процесін тиімді ұйымдастыру мен оқушыларға дер кезінде қолдау көрсету – білім сапасын арттырудың негізгі шарты болып табылады.

АНЫҚТАМА №95

Бақылау тақырыбы: Шығармашылық ӘБ пәндерін оқытуды бақылау

Бақылау мақсаты: Сабақта оқушылардың жалпы оқу және арнайы біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, сабақта мемлекеттік стандарттарды орындау үшін мұғалім қолданатын әдістемелік әдістерді.

Бақылау объектісі: Пән мұғалімдері әкімшілік

Бақылау түрі: ағымдағы

Бақылау әдістері: Сабақтарға қатысу, деректер жинау

Орындау мерзімі: Қаңтар

Жауапты тұлғалар: Директордың ОІЖО

Қарау орны: директор жанындағы кеңес

Басқарушылық шешім: Талдау

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де шығармашылық ӘБ пәндерін оқытуды бақылау анықтама. Шығармашылық ӘБ пәндерін оқытуды бақылауда мотивациясы жоғары білім алушылармен пәндерді оқытуда бақылау.

Баланың шығармашылық қабілетін қалыптастырудың маңызды бағыты-басқарушылық пен озбырлықты жетілдіру. Бақылау балаға мағынасы болуы үшін оған өзін түзетуге мүмкіндік беру керек. Сондықтан сіздің іс-әрекеттеріңізді бақылау әрқашан сіздің шығармашылық өніміңізді түзетуде көрсетілуі керек. Бұл жағдайда мәтінді сызып тастауға немесе суретті түзетуге тыйым салынбауы керек. Мектепте шығармашылық қабілеттері бар оқушылар бар, сондықтан солармен тығыз жұмыстар атқару керектігі айтылды. Көркем оқуға, мәнерлеп оқу сайыстарына және интеллектуалды ойындар мен сайыстарға қатыстыруға, қол өнер шеберліктеріне, сурет салуға, әдемі жазуға деген сияқты бағыттағы оқушылармен жұмыстар жасап, дамыту. Бақылау мен өзін-өзі бақылауды ұйымдастырудың үшінші кезеңі дерексіз тұжырымдалған идеяларға негізделген. Мысалы, арнайы дайындалған мәтінмен жұмыс істеу кезінде оқушыларға тек жалпы нұсқаулық беріледі: "мәтінді әдеби тілге айналдыру арқылы өзгертіңіз, тілдің көркемдік құралдарын қолданыңыз". Осылайша, осы кезеңде оқушылар алдымен абстрактілі идеяны анықтап, қажетті бақылау критерийлерін әзірлеп, содан кейін мәтінді тексеруге және түзетуге кірісуі керек болды. Сабаққа кірген кезде мұғалімдердің көбі оқушылармен шығармашылық түрде жұмыстар жүргізілмейді. Осы жағын қолға алып, шығармашыл оқушылар дайындау керектігі айтылды.

Қорытындылар: Әр пән мұғалімдеріне сабақтарында оқушылардың шығармашылық жақтарын дамыту жүйесін қолға алу.

Ұсыныстар: Пән мұғалімдеріне шығармашыл оқушыларды дамытсын.

Анықтама жасалған күні: қаңтар 2026ж.

Оқу ісінің орынбасары:

Кожухметова А.М.

Беймагамбетова А.Т.

АНЫҚТАМА №96

Бақылау тақырыбы: Аттестатталатын мұғалімдердің жұмыс жүйесі

Бақылау мақсаты: Аттестатталатын мұғалімдердің оқыту деңгейін бақылау

Бақылау объектісі: Аттестатталатын мұғалімдер

Бақылау түрі: дербес

Бақылау әдістері: талдау

Орындау мерзімі: Қаңтар

Жауапты тұлғалар: Директордың ОІЖО

Қарау орны: Директордың жанындағы кеңесінде

Басқарушылық шешім: ақпарат

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де аттестатталатын мұғалімдердің жұмыс жүйесі анықтама. Аттестациядан өтетін мұғалімдердің тізімдері мен жоспары құрастырылды. «Ұстаз» платформасына жауапты мұғалімдер жүктелді, бұйрық шығарылды. Барлық мұғалімдердің профильдері толық енгізілді. Мұғалімдерге аттестацияға байланысты дайындықтарыңызды күшейту керектігі туралы ескертілді. Өр пән мұғалімдеріне аттестациядан өтетін кезіндегі жинақталатын құжаттар: педагог - модераторлар 5 одан да көп сабақтарды немесе сыныптан -тыс сабақтарды жасақтау, педагог-эксперттерге 10 сабақтарды жинақтау керектігі түсіндірілді. Оқушылардың жетістіктері мен өздерінің жетістіктерінің көшірмелерін дайындау. Барлық құжаттарды реттеу керектігі айтылды. Аттестатталатын мұғалімдердің сабақтарына кірген кезде, сабақтар бойынша кемшіліктер мұғалімдерге айтылды. Кейбір мұғалімдердің сабаққа деген дайындықтарына көп көңіл бөліп, қатты дайындықпен келулеріне ескертілді. Педагог- модераторларға портфолиоларын жүйелі дайындап, сабақтарына дайындалу. Педагог -эксперттерге аудандық көлемінде сабақ өткізу керектігі айтылды, ауқымды дайындау керектігі түсіндірілді. Авторлық бағдарламаларды аудандық деңгейде қарастырылды.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

Аттестациядан өтетін мұғалімдерге жүйелі түрде дайындалу. Өз пәндері бойынша тестке жауапты ат салысу. Әртүрлі платформалардан тесттерден өту жүйесін қолға алсын.

Анықтама жасалған күні: қаңтар 2026ж.

Оқу ісінің орынбасары:

**Кожяхметова А.М.
Беймагамбетова А.Т.**

Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА №97

Бақылау тақырыбы: «Балалардың бақытты балалық шағы -біздің ортақ міндетіміз»
тренинг

Бақылау мақсаты: Балалардың құқықтарын қорғау, олардың қауіпсіз әрі қолайлы ортада
тәрбиеленуіне жағдай жасау, сондай-ақ ата-аналар мен педагогтердің бала тәрбиесіндегі
жауапкершілігін арттыру.

Бақылау объектісі: ата- аналармен жұмыс

Бақылау түрі: дербес

Бақылау әдістері: талдау

Орындау мерзімі: Қаңтар

Жауапты тұлғалар: Директордың ОІЖО

Қарау орны: ӘБ кеңесінде

Басқарушылық шешім: ақпарат

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының
басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де Балалардың бақытты балалық
шағы -біздің ортақ міндетіміз анықтама.

Тренинг барысында қатысушылармен бала құқығы, психологиялық қолдау көрсету,
отбасындағы және мектептегі ынтымақтастық, зорлық-зомбылықтың алдын алу
мәселелері талқыланды. Қатысушылар түрлі тренингтік жаттығулар, топтық жұмыстар,
пікір алмасу және жағдаяттық тапсырмалар арқылы өз ойларын ортаға салып, тәжірибе
алмасты.

Іс-шараның міндеттері:

- Балалардың құқықтары туралы түсінікті кеңейту;
- Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру жолдарын қарастыру;
- Ата-ана, мұғалім және бала арасындағы өзара сенімді нығайту;
- Балалардың эмоционалдық саулығын қолдаудың маңыздылығын түсіндіру.

Тренинг қорытындысында қатысушылар балаға мейірімділікпен қарау, олардың пікірін
құрметтеу және қолдау көрсету – бақытты балалық шақтың басты кепілі екендігіне көз
жеткізді. Іс-шара өз мақсатына жетіп, қатысушыларға пайдалы ақпарат пен жағымды әсер
сыйлады.

Анықтама жасалған күні: қаңтар 2026ж.

Оқу ісінің орынбасары:

**Кожмахметова А.М.
Беймагамбетова А.Т.**

Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА №98

Бақылау тақырыбы: ЖИ алаңы.

Бақылау мақсаты: ЖИ алаң жұмысын талдау.

Бақылау объектісі: экспериментші мұғалімдердің есептері

Бақылау түрі: тақырыптық

Бақылау әдістері: сабақтарға қатысу

Орындау мерзімі: 05-25 қаңтар

Жауапты тұлғалар: Директордың ОІЖО

Қарау орны: ДЖО

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де ЖИ алаңы анықтама.

ЖИ алаңы (Жасанды интеллект алаңы) – бұл Жасанды интеллект саласына қатысты зерттеу, дамыту және қолдану кеңістігі. Ол адам интеллектісіне тән ойлау, үйрену, талдау, шешім қабылдау сияқты қабілеттерді компьютерлік жүйелер арқылы модельдеуге бағытталған.

Негізгі бағыттары:

- Машиналық оқыту (Machine Learning)
- Терең оқыту (Deep Learning)
- Табиғи тілдерді өңдеу (NLP)
- Компьютерлік көру
- Робототехника

ЖИ алаңының басты мақсаты – адамның зияткерлік әрекеттерін автоматтандыру және түрлі салаларда (медицина, білім беру, өндіріс, қаржы, көлік т.б.) тиімді шешімдер ұсыну.

Қысқаша айтқанда, **ЖИ алаңы** – ақылды технологияларды зерттеу мен енгізуге арналған ғылыми және практикалық орта.

Қорытындылар мен ұсыныстар: сабақта мұғалімдерге орнымен тек ЖИ қолдану, сараланып.

Анықтама жасалған күні: қаңтар 2026ж.

Оқу ісінің орынбасары:

Кожяхметова А.М.

Беймагамбетова А.Т.

Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА №99

Бақылау тақырыбы: Үйірмеге, спорт секцияларының жүргізілуі.

Бақылау мақсаты: Үйірме, спорт секцияларының жұмысын қадағалау.

Бақылау объектісі: Үйірме жетекшілері

Бақылау түрі: Тақырыптық, жинақтау

Бақылау әдістері: Үйірме жұмыстарының жүргізілуін қадағалау

Орындау мерзімі: «Үйірме жұмыстарының жүргізілуін бақылау қорытындысы»

Жауапты тұлғалар: педагогтер

Қарау орны: ТІЖО

Басқарушылық шешім: ақпарат

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де үйірмеге, спорт секцияларының жүргізілуі туралы анықтамасы.

Мектепте оқушылардың шығармашылық және дене шынықтыру қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі үйірмелер мен спорт секциялары ұйымдастырылған. Атап айтқанда: пәндік үйірмелер, өнер бағытындағы үйірмелер, сондай-ақ спорт түрлері бойынша секциялар (футбол, волейбол, баскетбол және т.б.) жүйелі түрде жүргізіледі.

Үйірме және спорт секциялары бекітілген кестеге сәйкес, аптасына 2 рет өткізіледі. Сабақтарды жетекшілер мен дене шынықтыру мұғалімдері жүргізеді. Қатысушылар қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, оқу-жаттығу жұмыстарына белсенді қатысады. Аудандық спорттық жарыстарға оқушылар үнемі қатысады. Жұлделі орындар да бар.

Қорытындылар мен ұсыныстар: оқушыларға қауіпсіздік ережелерін сақтап, оқушылармен белсенді жұмыстар жүргізілсін.

Анықтама жасалған күні: қаңтар 2026ж.

Оқу ісінің орынбасары:

Кожухметова А.М.

Беймагамбетова А.Т.

Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА №100

Бақылау тақырыбы: Оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру деңгейі.

Бақылау мақсаты: Оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру деңгейін анықтау.

Бақылау объектісі: 1-10 сыныптар

Бақылау түрі: Шолу бақылау

Бақылау әдістері: Іс-шара жоспары, талдау

Орындау мерзімі: қаңтар

Жауапты тұлғалар: педагогтер

Қарау орны: ТІЖО

Басқарушылық шешім: ақпарат

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру деңгейі туралы анықтамасы.

Оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланады. Қысқы демалыс кезеңінде оқушылардың бос уақытын тиімді әрі мазмұнды өткізуіне жағдай жасалды. Мектеп әкімшілігі тарапынан арнайы жоспар құрылып, іс-шаралар бекітілді. Демалыс уақытында оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қауіпсіздік техникасы, жолда жүру ережелері және қыс мезгіліндегі сақтық шаралары туралы нұсқаулықтар берілді. Ата-аналармен байланыс орнатылып, жауапкершілік мәселелері түсіндірілді.

Қысқы демалыс барысында тәрбиелік, спорттық және танымдық бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда:

- Спорттық жарыстар мен эстафеталар;
- Шығармашылық байқаулар;
- Сынып сағаттары;
- Қайырымдылық және мәдени іс-шаралар.

Іс-шараларға оқушылардың қатысу белсенділігі жоғары деңгейде болды. Демалыс кезеңінде құқықбұзушылық фактілері тіркелмеді.

Қорытындылар мен ұсыныстар: оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру жұмыстары жоспарға сәйкес орындалып, тиісті деңгейде өткізілді.

Анықтама жасалған күні: қаңтар 2026ж.

Тәрбие ісінің орынбасары:

Кишкентаева Д.О.

Оқу ісінің орынбасары:

Кожаметова А.М.

Беймагамбетова А.Т.

Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА №101

Бақылау тақырыбы: Діни экстремизмді алдын-алу, ақпараттық насихаттау топтың жұмысы

Бақылау мақсаты: Діни экстремизмді алдын-алу, ақпараттық насихаттау топтың жұмысын анықтау

Бақылау объектісі: 8-10-сыныптар

Бақылау түрі: Шолу бақылау

Бақылау әдістері: Іс-шара жоспары, талдау

Орындау мерзімі: қаңтар

Жауапты тұлғалар: педагогтер

Қарау орны: ТІЖО

Басқарушылық шешім: ақпарат

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де діни экстремизмді алдын-алу, ақпараттық насихаттау топтың жұмысы туралы анықтамасы.

Діни экстремизм мен терроризмді алдын алу жоспары 2025-2026 оқу жылы

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Сынып	Жауаптылар
1	Мектеп әкімшілігі және мұғалімдердің кезекшілігі	күнде график бойынша	1-11	Мектеп әкімшілігі
2	Мектеп оқушыларымен, ұстаздармен эвакуация жұмыстары.	қазан- сәуір	1-11	Баймағамбетов Д.Е
3	Діни экстремизм мен терроризм- әңгіме	Жыл бойы	5-11	Діни өкілдері
4	Оқушыларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.	қыркүйек	1-11	ДТІЖО Кишкентаева Д.О.
5	«Діни экстремизм мен терроризм әлемге төнген қауіп» тәрбие сағаты	қазан	1-11	Сынып жетекшілер
6	Экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойына тренинг. «Жоқ деп айтуды біл»	Қараша	9-11	Мектеп психологтары Савченко И.Н. Искакова А.Е.
7	«Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу»	Желтоқсан	5-8	ДТІЖО Кишкентаева Д.О.
8	«Экстремизм қоғамға қарсы құбылыс» тренинг.	Қаңтар	6-7	Мектеп психологы Савченко И.Н.
9	Діни экстремизм мен терроризмді алдын алу	Ақпан	5-11	ДТІЖО Кишкентаева Д.О.
10	«Бала және заң» Тәрбие сағаты	наурыз	8 -11	Кишкентаева Д.О.
11	Діни экстремизм.Терроризм Презентация.	Сәуір	9-11	Тәлімгер
12	Оқушыларды секция, үйірмелерге қатыстыру.	Жыл бойы	1-11	ДТІЖО Кишкентаева Д.О. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері

АНЫҚТАМА №102

Бақылау тақырыбы: Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру жұмыстары

Бақылау мақсаты: Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру жұмыстары

Бақылау объектісі: оқушылар

Бақылау түрі: сынып сағаттарына қатысу

Бақылау әдістері: «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы мектептегі және отбасындағы 20 минуттық оқу жұмысын зерделеу

Орындау мерзімі: қаңтар

Жауапты тұлғалар: сынып жетекшілер

Қарау орны: ДЖО

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру жұмыстары туралы анықтамасы.

2025-2026 оқу жылында кітапханашының айтуынша, оқушылар көркем әдебиет кітаптарын алмағаны анықталды. Үлкен үзілісте оқу залына келіп, азды -көпті оқушылар кітаптарды қарап, оқиды. Жыл басында оқушылар оқу кітаптарын алған. Оқу сауаттылығы оқушыларда өте төмен, себебі, кітаптар оқымайды.

Бүгінгі күні әлемдік қауымдастық қатарында өзіне лайық орнын белгілеген біздің мемлекетіміз үшін қазіргі заман талаптарына байланысты өзіндік көзқарасы, саяси түсінігі бар, білімді әрі жоғары білікті жас ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі туындап отырғаны сөзсіз.

Қазіргі заман балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі -оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы:

- Ақпаратты табу;
- Мәтінді интерпретациялау;
- Рефлексия және бағалаудан тұрады.

Оқу сауаттылығы дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі

Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдалануға болады. Сондай технологиялардың бірі – оқу және жазу арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту технологиясы болса, сонымен қатар беру мен білім алудағы жаңа әдістер болып табылады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының негізгі ұстанымдары топтық жұмысқа, еркін ойлауға, жазбаша, ауызша ой алмасуға, мәтін мәнін ашуға, автор іріктеген сөздер мен сөз тіркестерінде жатқан ұғымдарды түсінуге, әрекеттестікке негізделген. Оқу сауаттылығы түсініп оқудан басталып, сөздер мағынасына, грамматика және тілдік, мәтіндік құрылымдарға талдау жасауды қамтиды. Оқу сауаттылығы бойынша оқушылар мектеп аясында және мектептен тыс уақытта нені оқитынын, қандай мақсатпен оқитынын білуі қажет.

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін бірден-бір құрал –түрлі жаңа технологиялар, әдіс

Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА №103

Бақылау тақырыбы: «Әріптестік қарым -қатынас» тренингі

Бақылау мақсаты: педагогтердің құзыреттіліктерін анықтау, коммуникативтік дағдыларын жетілдіру, бір-бірін түсіну қабілетін арттыру, жанжалдардың алдын алу және оларды сындарлы шешу жолдарын меңгерту.

Бақылау объектісі: педагогтер

Бақылау түрі: тренинг

Бақылау әдістері: тәжірибе алмасу

Орындау мерзімі: қаңтар

Жауапты тұлғалар: ОЖО

Қарау орны: ДЖО

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де «Әріптестік қарым -қатынас» тренингі туралы анықтамасы.

«Әріптестік қарым-қатынас» тренингі – ұжым мүшелері арасында сенімділікке, өзара құрметке және тиімді ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталған дамытушы оқыту бағдарламасы.

Тренинг барысында интерактивті әдістер, топтық жаттығулар, рөлдік ойындар, пікірталастар және кері байланыс тәсілдері қолданылады. Педагогтер белсенді тыңдау, эмпатия таныту, ашық диалог құру, серіктесін қолдау және тиімді кері байланыс беру дағдыларын дамытады.

Тренинг нәтижесінде ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптасып, әріптестер арасындағы өзара сенім мен жауапкершілік деңгейі артады, ортақ мақсаттарға бірлесіп жету мүмкіндігі күшейеді.

Қорытынды: Педагогтерді ұжымдыққа қалыптастыру, қолдауға жақындастыру.

Оқу ісінің орынбасары: Кожухметова А.М.

Беймагамбетова А.Т.

АНЫҚТАМА №104

Бақылау тақырыбы: Кіріс құжаттарының бұйрықтарын орындау

Бақылау мақсаты: аудандық ББҰ бұйрықтарын орындау.

Бақылау объектісі: бұйрықтарды орындау

Бақылау түрі: жеке

Бақылау әдістері: ағымдағы

Орындау мерзімі: үнемі

Жауапты тұлғалар: әкімшілік

Қарау орны: ДЖК

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де кіріс құжаттарының бұйрықтарын орындау туралы анықтамасы.

Кіріс құжаттама – ұйымға келіп түскен құжаттар. Кіріс құжаты бастапқы өңдеуден, алдын ала қараудан, тіркеуден, басшылықтың қарауынан өтеді және орындаушыға жеткізіледі (немесе «іске» тігіледі).

Келіп түскен тіркелетін құжаттарға түскен күні көрсетіле отырып, БҰҰ тіркеу мөртабаны қойылады.

Құжаттарды алдын ала қарауда оларды тіркелетін және тіркелмейтін құжаттарға сұрыптау жүргізіледі. Тіркелмейтін құжаттар тізімін ҚР Мәдениет және спорт министрінің 22.12.2014 ж. № 144 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) берілген Тіркеуге жататын құжаттардың үлгі тізбесінің негізінде ұйымның өзі әзірлейді және БҰ басшысы бекітеді. Алдын ала қарағанда келіп түскен құжаттар БҰ басшылығының міндетті түрде қарауын талап ететіндерге және мұны талап етпейтіндерге бөлінеді. Басшылықтың міндетті түрде қарауын талап етпейтін құжаттар тікелей құрылымдық бөлімшелерге немесе жауапты орындаушыға жолданады.

Құжаттарды алдын ала қарау, олардың мазмұнын, авторлығын, БҰ-да белгіленген міндеттердің бөліну негізіне қарай қойылатын мәселелердің күрделілігі және жаңашылдығы тұрғысынан жүзеге асырылады.

Кіріс корреспонденциясы нысаны Қағидалармен бекітілген кіріс құжаттарын тіркеу журналында тіркеледі

Қорытындылар: Кіріс құжаттарының журналын талапқа сай жүргізілуін бақылауға алу; журналға уақытылы еңгізілуін қадағалау

Ұсыныстар: үнемі кіріс құжаттарының журналының жүргізілуін қадағалау
Анықтама жасалған күні: 2026 ж.

Оқу ісінің орынбасары: Кожухметова А.М.

Беймагамбетова А.Т.

Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА №105

Бақылау тақырыбы: «Bilimclass» жүйесі жұмысының мониторингі

Бақылау мақсаты: «Bilimclass» жүйесін толтырудың уақытылы және сапасы.

Бақылау объектісі: электронды журнал

Бақылау түрі: мониторинг

Бақылау әдістері: ағымдағы

Орындау мерзімі: ақпан

Жауапты тұлғалар: ДОІЖО

Қарау орны: ДЖК

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де «Bilimclass» жүйесі жұмысының мониторингі туралы анықтамасы.

№	ФИО учителя	Кол-во уроков	Кол-во тем	Заполнение тем	Кол-во проведенных уроков	Проведение уроков	Кол-во уроков для ДЗ	Количество выданных ДЗ	Процент домашних заданий	Кол-во уроков для оценивания	Кол-во оцененных уроков	Процент оцененных уроков
	Всего	2028	2028	100.00 %	2028	100.00 %	1333	1333	100.00 %	1470	1470	100.00 %
1	Акпанбаев Данияр Куладынович	97	97	100.00 %	97	100.00 %	0	0	0.00 %	0	0	0.00 %
2	Акпанбаева Гультум Азаматовна	28	28	100.00 %	28	100.00 %	20	20	100.00 %	22	22	100.00 %
3	Алтай Рита	100	100	100.00 %	100	100.00 %	32	32	100.00 %	36	36	100.00 %
4	Алтанбек Бауыржан	62	62	100.00 %	62	100.00 %	4	4	100.00 %	4	4	100.00 %
5	Баймагамбетов Данияр Ерханович	43	43	100.00 %	43	100.00 %	7	7	100.00 %	7	7	100.00 %
6	Баймагамбетова Айтжан Нуржановна	80	80	100.00 %	80	100.00 %	71	71	100.00 %	80	80	100.00 %
7	Беймагамбетова Айнагуль Темиржановна	93	93	100.00 %	93	100.00 %	78	78	100.00 %	87	87	100.00 %

АНЫҚТАМА №106

Бақылау тақырыбы: ЖМБ пәндердің оқытылу жағдайы

Бақылау мақсаты: пән бойынша ББД қалыптасу деңгейі анықтау.

Бақылау объектісі: сабақтар, дәптерлер

Бақылау түрі: талдау

Бақылау әдістері: сабаққа қатысу талдау

Орындау мерзімі: ақпан

Жауапты тұлғалар: ДОДЖО

Қарау орны: ОДЖО

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де ЖМБ пәндердің оқытылу жағдайы туралы анықтамасы.

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндердің (математика, физика, химия, биология, информатика) оқытылу жағдайын тексеру мақсатында жүргізілген бақылау нәтижесінде дайындалды.

Тексеру барысында төмендегі құжаттар қарастырылды:

- Қысқа мерзімді жоспарлар (ҚМЖ) және күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар (КТЖ);
- Оқушылардың жұмыс дәптерлері;
- Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) жұмыстары;
- Тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) жұмыстары.

КТЖ және ҚМЖ құжаттары бойынша:

Пән мұғалімдерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары оқу бағдарламасына сәйкес құрылған. Қысқа мерзімді жоспарлар жүйелі түрде жүргізіледі, сабақ мақсаттары оқу мақсаттарымен сәйкестендірілген. Кейбір мұғалімдерде саралау мен бағалау критерийлерін нақтылау қажет етеді. Кейбір мұғалімдерге сабақтың жүргізу барысы бойынша әдістемелік көмек көрсетілді. Трошеновская Т.В. химия, биология, география пәнінің мұғалімі және сол пәндерден сабақ береді. Сабаққа өте тиянақты дайындықпен келеді. Трошеновская Т.В. педагог -зерттеуші, педагог -эксперт санаты бар. Сабақтарына ЖИ элементтерін жиі қолданады. Сабақты оқушылар ынтамен тыңдап, тапсырмаларды орындай алды. Суйкумбаев Д.С. математика мұғалімі. 5,6,9,10 б сыныптарында математика, алгебра, геометрия сабақтарынан береді. Бұл мұғалімге көп дайындықпен келу керектігі айтылды. Сабақтары дәстүрлі түрде өтеді. Ешқандай ЖИ қолданбайды. Баймагамбетова А.Н. 7-10 б физикадан және 7-8б алгебра, геометриядан сабақ береді. Сабақты дәстүрлі түрде өткізеді. Сабақ жоспары бар. Информатика мұғалімі Суйкумбаева Л.С. барлық сыныптарға сабақ береді. Сабақта оқушылар компьютермен тапсырма орындады. Бірақта бір тапсырмадан басқа да тапсырмалар беру керектігі айтылды. Мұғалімге оқушылардың алдында қағаздан оқымау керектігі ескертілді. Сабаққа көп дайындықпен келу керектігі ескертілді.

АНЫҚТАМА №107

Бақылау тақырыбы: Балаларды тамақтандыру мен медициналық қызмет көрсетуді бақылау

Бақылау мақсаты: балаларға медициналық қызмет көрсету мен тегін тамақтандыруды ұйымдастыру.

Бақылау объектісі: мектеп оқушылары

Бақылау түрі: тақырыптық

Бақылау әдістері: брокераж комиссиясының есебі

Орындау мерзімі: ай бойы

Жауапты тұлғалар: элеуметтік педагог

Қарау орны: Қамқоршылар кеңесінің отырысы

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де балаларды тамақтандыру мен медициналық қызмет көрсетуді бақылау туралы анықтамасы.

Оқушылардың тамақтануы белгіленген санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес ұйымдастырылған. Күнделікті ас мәзірі жас ерекшеліктеріне сай құрастырылып, тағамдардың құнарлылығы мен дәрумендік құрамы ескерілген. Асхананың тазалығы, тағам дайындау процесі және азық-түліктің сапасы тұрақты түрде тексеріліп отырды. Тамақтану режимі сақталып, балаларға күніне бірнеше рет уақтылы тамақ берілді.

Медициналық қызмет көрсету жүйелі түрде жүргізіледі. Балалардың денсаулық жағдайы күнделікті бақылауда, медициналық тексерулер уақтылы өткізіледі. Аурудың алдын алу шаралары (профилактика), екпе жұмыстары және санитарлық-ағарту жұмыстары жоспарға сәйкес ұйымдастырылған. Медициналық қызметкер тарапынан балалардың жеке гигиенасы мен жалпы жағдайына ерекше назар аударылады.

Бақылау нәтижесінде айтарлықтай заң бұзушылықтар анықталған жоқ. Тамақтандыру мен медициналық қызмет көрсету талапқа сай деңгейде ұйымдастырылған деп бағаланды.

Қорытынды:

Оқушылардың денсаулығын сақтау және дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар қанағаттанарлық деңгейде жүргізілуде.

Оқу ісінің орынбасары: Кожухметова А.М.

Беймагамбетова А.Т.

Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА №108

Бақылау тақырыбы: 9,10 сынып ЖСБ

Бақылау мақсаты: сынып ұжымының ұйымдастырылу жағдайын, әртүрлі пәндер бойынша оқушылардың дайындық деңгейін анықтау.

Бақылау объектісі: 9,10 сынып оқушылары

Бақылау түрі: дербес

Бақылау әдістері: фронталды

Орындау мерзімі: ақпан

Жауапты тұлғалар: ДОІЖО, психолог

Қарау орны: ОІЖО

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де 9,10 сынып ЖСБ туралы анықтамасы.

ЖСБ нәтижелері бойынша төмендегідей қорытындылар жасалды:

9-сыныптар бойынша:

Оқушылардың басым бөлігі оқу материалын қанағаттанарлық және жақсы деңгейде меңгерген. Жекелеген оқушыларда тапсырмаларды орындауда қиындықтар байқалды, әсіресе талдау және қолдану дағдылары бойынша. Жалпы үлгерім көрсеткіші – 100%, сапа көрсеткіші – 45%.

10-сыныптар бойынша:

Оқушылардың білім деңгейі орташа және жоғары деңгейде. Көптеген оқушылар күрделі тапсырмаларды орындауда жақсы нәтижелер көрсетті. Дегенмен, кейбір оқушыларға теориялық білімді практикада қолдану дағдыларын жетілдіру қажет. Жалпы үлгерім – 100%, білім сапасы – 84%.

Қорытынды:

Жалпы алғанда, 9–10 сыныптар бойынша ЖСБ нәтижелері қанағаттанарлық деп бағаланды. Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында келесі ұсыныстар беріледі:

- қиындық тудырған тақырыптар бойынша қосымша жұмыстар жүргізу;
- жеке оқушылармен түзету жұмыстарын ұйымдастыру;
- функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалар санын арттыру.

Оқу ісінің орынбасары: Кожухметова А.М.

Беймагамбетова А.

Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА №109

Бақылау тақырыбы: Орыс тілі мен әдебиеті, МИФ, «Өнер» декадасын өткізу

Бақылау мақсаты: орыс тілі мен әдебиеті, математика, информатика, физика, көркем еңбек, сурет, музыка пәндерінің жүргізілу жағдайы.

Бақылау объектісі: 1-10 сынып оқушылары

Бақылау түрі: жоспарлы

Бақылау әдістері: кешенді жалпылама

Орындау мерзімі: ақпан

Жауапты тұлғалар: ДОІЖО, ӘБ жетекшілері

Қарау орны: ОІЖО

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де орыс тілі мен әдебиеті, МИФ, «Өнер» декадасын өткізу туралы анықтамасы.

В соответствии с планом работы школы и планом работы МО учителей гуманитарного цикла на 2025-2026 учебный год с 23.02.2026 по 06.03.2026 была проведена декада русского языка и литературы

Цели:

- воспитывать интерес к изучению русского языка, поддерживать подлинную языковую культуру;
- развития познавательной, коммуникационной, творческой компетентности;
- активизация самостоятельной деятельности учащихся по отбору, анализу и обобщению изученного материала;
- расширение лингвистических знаний учащихся.

Задачи:

- создание условий для развития познавательной и творческой активности обучающихся;
- выявление обучающихся с творческими способностями;
- вовлечение обучающихся в творческую деятельность посредством проведения мероприятий и конкурсов;
- повышение интереса учащихся к лингвистике как науке.

В рамках декады согласно утвержденному плану были проведены следующие открытые уроки и внеклассные мероприятия:

23.02 состоялось открытие декады русского языка и литературы. Был оформлен стенд, посвященный декаде. Учащиеся выступили на тематической линейке. Учительница русского языка и литературы Омарова М.Б. ознакомила с утвержденным планом мероприятий и призвала всех активно участвовать, показав свою любовь к предмету.



АНЫҚТАМА №110

Бақылау тақырыбы: Оқуға мотивация төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру

Бақылау мақсаты: оқу пәндерін оқыту жағдайын тексеру.

Бақылау объектісі: 2-10 сынып оқушылары

Бақылау түрі: тақырыптық

Бақылау әдістері: мектеп құжаттары

Орындау мерзімі: жоспар бойынша

Жауапты тұлғалар: ДОІЖО

Қарау орны: ДЖК

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де оқуға мотивация төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру туралы анықтамасы.

Оқуға мотивациясы төмен оқушылар – оқу әрекетіне қызығушылығы әлсіз, тапсырмаларды орындауда белсенділік танытпайтын, көбінесе сыртқы бақылауды қажет ететін білім алушылар. Мұндай жағдай әртүрлі себептерге байланысты туындауы мүмкін: отбасылық жағдай, өзін-өзі бағалаудың төмендігі, оқу материалын түсінбеу, мұғаліммен немесе сыныптастармен қарым-қатынас қиындықтары.

Жұмыстың негізгі мақсаттары:

- Оқушының оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттыру
- Ішкі мотивациясын қалыптастыру
- Жеке қабілеттерін дамыту және өзін-өзі бағалауын көтеру
- Оқу жетістіктерін жақсарту

Міндеттері:

- Оқушылардың мотивациясының төмен болу себептерін анықтау
- Жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмалар беру
- Қолайлы психологиялық орта қалыптастыру
- Оқушының жетістігін уақытында мадақтау және қолдау

Жұмысты ұйымдастыру жолдары:

1. Диагностикалық жұмыс

Оқушының мотивация деңгейін, қызығушылықтарын, қиындықтарын анықтау үшін бақылау, әңгімелесу, сауалнама жүргізу.

2. Жеке тәсіл қолдану

Әр оқушының деңгейіне сай тапсырмалар дайындау, шамасына қарай жүктеме беру.

Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА №111

Бақылау тақырыбы: Жас мамандардың сабақтарына қатысу

Бақылау мақсаты: жас маманның кәсіби қалыптасу мен дамуының ұйымдастырушылық және әдістемелік жағдайларын қамтамасыз ету.

Бақылау объектісі: педагогтер

Бақылау түрі: тақырыптық

Бақылау әдістері: бақылау, әңгімелесу

Орындау мерзімі: ақпан

Жауапты тұлғалар: ОІЖО

Қарау орны: ӘБ кеңес

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де жас мамандардың сабақтарына қатысу туралы анықтамасы.

Мектеп бойынша 5 жас маман жұмыс жасайды. Барлық жас мамандардың сабақтарына қатысты. Сабақтарындағы кемшіліктер өздеріне жеке айтылды. Әкімшілік жағынан әдістемелік көмек көрсетілді. Сабақтарына үнемі, күнде дайындалып келу керектігі түсіндірілді. Сабақ жоспарларына үнемі дайындықпен жүру керектігі түсіндірілді. Сабақ жоспарлары болмағандарға ескерту жасалды. Қазақ тілі мұғалімдері Кадылбекова А.А. мен Бейсенби Айсаулеге тапсырмаларды оқушылардың деңгейінде дайындап келулері туралы айтылды. Ағылшын тілі Ақпанбаева Г.А. оқушылармен ауызша көбірек сөйлетуге, диалог құру арқылы оқушылардың тіл байлықтарын дамытуға арналған тапсырмалармен жұмыс жасау керектігі түсіндірілді. Математика мұғалімі Суйкумбаев Д.С. деңгейлі тапсырмалар арқылы есептің түрлерін дайындап келу керектігі ескертілді. Жас мамандарға сабақ беру бойынша ескертулер айтылды.

Қорытынды: Педагогтерге үнемі жан -жақты дайындалу.

Оқу ісінің орынбасары: Кожухметова А.М.

Беймагамбетова А.Т.

АНЫҚТАМА №112

Бақылау тақырыбы: «Қазіргі сабақ- ізденіс пен тың бастама» ЖИ элементтерін қолдану бойынша коучинг сессиясы.

Бақылау мақсаты: үздіксіз ынтымақтастық, кәсіби деңгейді көтеру, білімді тереңдету.

Бақылау объектісі: пән мұғалімдері

Бақылау түрі: тақырыптық

Бақылау әдістері: жұмыстың жаңа тәсілдерімен таныстыру

Орындау мерзімі: ақпан

Жауапты тұлғалар: ДОІЖО

Қарау орны: ӘБ кеңес

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де «Қазіргі сабақ- ізденіс пен тың бастама» ЖИ элементтерін қолдану бойынша коучинг сессиясы туралы анықтамасы.

«Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ 27 ақпан айында педагогикалық ұжыммен «Қазіргі сабақ- ізденіс пен тың бастама» тақырыбында ЖИ элементтерін қолдану, ЖИ бойынша коучинг- сессиясы ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – педагогтерге жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдаланудың жолдарын көрсету, білім беру үдерісінде заманауи технологияларды қолдану мүмкіндіктерімен таныстыру болды.

Коучинг барысында мұғалімдер жасанды интеллект ұғымымен танысып, оның білім беру саласындағы маңыздылығы мен артықшылықтары туралы ақпарат алды. Ұстаздар ЖИ-дің сабақ жоспарларын құруда, тапсырмалар дайындауда, оқу материалдарын саралауда және кері байланыс беруде қалай қолданылатынын тәжірибе жүзінде көрді. Практикалық бөлімде ұстаздар түрлі цифрлық платформалармен жұмыс жасап, мәтін құрастыру, сурет генерациялау, тест тапсырмаларын әзірлеу сияқты мүмкіндіктерді қолданып көрді. Сонымен қатар, жасанды интеллектті қолданудағы академиялық адалдық, авторлық құқық және қауіпсіздік мәселелері де талқыланды.

Коучинг ашық пікір алмасу форматында өтіп, жас мамандар: Ақпанбаева Г.А., Бейсенби Айсауле, Кадылбекова А.А., Суйкумбаева Л.С., информатик мұғалімі: Алтанбек Бауыржан, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі: Нұрилла Ә.Қ. өз тәжірибелерімен бөлісті. Ұстаздар заманауи технологияларды меңгерудің маңыздылығын атап өтіп, алдағы уақытта ЖИ құралдарын оқу үдерісінде белсенді қолдануға ниетті екендерін білдірді.

«Қазіргі сабақ -ізденіс пен тың бастама» коучингі педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыруға, кәсіби дамуына серпін беріп, білім сапасын жетілдіруге бағытталған маңызды кадам болды.

Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА №113

Бақылау тақырыбы: Ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Бақылау мақсаты: ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу.

Бақылау объектісі: 1-10 сынып оқушылары

Бақылау түрі: жан -жақты бақылау

Бақылау әдістері: тәрбие сағаттарына қатысу

Орындау мерзімі: ақпан

Жауапты тұлғалар: ТІЖО

Қарау орны: ӘБ кеңес

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де ұлттық құндылықтарды дәріптеу туралы анықтамасы.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу – халықтың тарихи мұрасын, салт-дәстүрін, тілін, дінін, мәдениетін және рухани байлығын құрметтеп, оны сақтау, дамыту және келер ұрпаққа жеткізу үдерісі. Бұл ұғым ұлттың өзіндік болмысын айқындап, оның бірегейлігін нығайтуға бағытталады.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы қоғамда отансүйгіштік, адамгершілік, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу сияқты қасиеттер қалыптасады. Сонымен қатар, ол жастардың өз ұлтына деген мақтаныш сезімін оятып, ұлттық сананың дамуына ықпал етеді.

Мектепте ұлттық құндылық жұмысы бойынша оқушылармен үнемі жүргізіледі. Үлкен үзілісте оқушыларға ұлттық күй жіберіледі. Мектеп бойынша әр жұма күні ұлттық желетке киеді. Әрбір сынып сағатында, әрбір сабақтарда оқушыларға ұлттық құндылықтар туралы айтылып отырады. Әр дүйсенбі күні тақырыптық жиынды дәйек сөзден басталады. Әр оқушыға ұлттық құндылықты дәріптеуге арналған жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі.

Қорытынды: Педагогтерге оқушылардың бойына ұлттық құндылықты үнемі игерту.

Оқу ісінің орынбасары: Кожухметова А.М.

Беймагамбетова А.Т.

АНЫҚТАМА №114

Бақылау тақырыбы: Кәсіптік бағдар беру жұмысының жағдайы.

Бақылау мақсаты: оқушыларға кәсіптік бағдар беру.

Бақылау объектісі: 9,10 сынып оқушылары

Бақылау түрі: кездесу, талдау

Бақылау әдістері: тәрбие сағаттарына қатысу

Орындау мерзімі: ақпан

Жауапты тұлғалар: профориентатор

Қарау орны: ӘБ кеңес

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де кәсіптік бағдар беру жұмысының жағдайы туралы анықтамасы.

Қазіргі таңда кәсіптік бағдар беру жұмысы жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Оқушылардың болашақ мамандықты саналы түрде таңдауына бағытталған түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Атап айтқанда, мамандықтар туралы сынып сағаттары, психологиялық тесттер, сауалнамалар, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының өкілдерімен кездесулер өткізілуде.

Мектеп психологтары тарапынан оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтау бойынша диагностикалық жұмыстар жүргізіледі. Нәтижесінде әр оқушыға жеке кеңес беру ұйымдастырылып, мамандық таңдауда бағыт-бағдар беріледі.

Сонымен қатар, ата-аналармен де түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, олардың баланың кәсіби таңдауына қолдау көрсетуі туралы ұсыныстар беріледі.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында оқу орындарымен, кәсіпорындармен байланыс орнатылған. Оқушылар үшін экскурсиялар мен ашық есік күндері ұйымдастырылуда.

Жалпы алғанда, кәсіптік бағдар беру жұмысы қанағаттанарлық деңгейде жүргізілуде. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіру, жаңа әдістерді енгізу жоспарлануда.

Қорытынды:

Кәсіптік бағдар беру жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылып, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына оң ықпал етуде.

Оқу ісінің орынбасары: Кожухметова А.М.

Беймагамбетова А.Т.

АНЫҚТАМА №115

Бақылау тақырыбы: Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысының жағдайы.

Бақылау мақсаты: оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысының жағдайын анықтау.

Бақылау объектісі: 1-10 сынып оқушылары

Бақылау түрі: шолу, талдау

Бақылау әдістері: тәрбие сағаттарына қатысу

Орындау мерзімі: ақпан

Жауапты тұлғалар: ТІЖО

Қарау орны: ӘБ кеңес

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025-2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысының жағдайы туралы анықтамасы.

Мектепте оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы жүйелі түрде жүргізілуде. Өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру, көшбасшылық қабілеттерін дамыту, мектеп өміріне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Қазіргі таңда мектепте оқушылар кеңесі құрылған. Кеңес құрамына мектептің әр сыныбынан сайланған белсенді оқушылар кіреді. Кеңес жұмысы арнайы жоспар негізінде жүзеге асырылады. Жоспарға сәйкес түрлі мәдени-көпшілік іс-шаралар, қайырымдылық акциялары, тәрбие сағаттары, спорттық жарыстар ұйымдастырылады.

Өзін-өзі басқару ұйымы оқушылар арасында тәртіп пен сабаққа қатысу мәселелеріне де назар аударып келеді. Белсенді оқушылар мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыруға атсалысып, мұғалімдермен тығыз байланыста жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар, оқушылардың ұсыныстары мен пікірлері ескеріліп, мектеп өмірін жақсартуға бағытталған жұмыстар атқарылуда.

Алайда, кейбір сыныптарда оқушылардың белсенділігі төмен деңгейде екені байқалады. Осыған байланысты алдағы уақытта оқушылардың қызығушылығын арттыру, олардың бастамаларын қолдау, көшбасшылық қабілеттерін дамыту мақсатында қосымша жұмыстар жүргізу қажет.

Қорытындылай келе, мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы қанағаттанарлық деңгейде, алайда оны жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар жалғасын табуы тиіс.

Оқу ісінің орынбасары: Кожаметова А.М.

Беймагамбетова А.Т.

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА № 116

Бақылау тақырыбы: Қорытынды аттестаттау бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу

Бақылау мақсаты: Ата-аналар мен оқушыларды жаңа ҚА ережелерімен таныстыру және зерделеу

Бақылау объектісі: 9 сынып оқушылары

Бақылау түрі: жоспарлы

Бақылау әдістері: Таныстыру, әңгімелесу

Орындау мерзімі: наурыз

Жауапты тұлғалар: Сынып жетекшілер, ОІЖО

Қарау орны:

Басқарушылық шешім: хаттама

Екінші бақылау: қажеттілігіне қарай

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де қорытынды аттестаттау бойынша нормативтік құжаттарды зерделеу туралы анықтама.

2025–2026 оқу жылының наурыз айында 9-сынып оқушылары арасында қорытынды аттестаттауға байланысты нормативтік құжаттарды түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сынып жетекшілері тарапынан оқушылармен және ата-аналармен жиналыстар өткізіліп, ережелер таныстырылды. Түсіндіру барысында емтихан форматы, пәндер тізімі, бағалау талаптары, апелляция тәртібі бойынша толық ақпарат берілді.

Оқушылардың басым бөлігі қорытынды аттестаттау талаптары туралы ақпараттандырылған.

Оқушылар емтихан форматы мен пәндер бойынша жалпы түсінік қалыптастырды.

Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға толық жауап беріліп, кері байланыс орнатылды.

Жүргізілген жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылған. Дегенмен, оқушылардың барлығы бірдей ақпаратты толық меңгермегені анықталды. Әсіресе, бағалау жүйесі мен рәсімдік талаптар бойынша қосымша түсіндіру жұмыстарын қажет ететін оқушылар бар.

Қорытынды:

Қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде жүргізілді. Оқушылар мен ата-аналарға негізгі нормативтік талаптар жеткізілді, алайда жекелеген мәселелер бойынша нақтылау жұмыстары қажет.

Ұсыныстар:

Қорытынды аттестаттау талаптары бойынша қосымша түсіндіру сабақтарын ұйымдастыру.

Әр пән бойынша консультациялар уақытылы жүргізу, оқушылардың толық қатысуын қамтамасыз ету.

Бағалау критерийлері тәртібін қайта түсіндіру.

Ата-аналармен жеке кеңестер өткізу.

Оқу ісінің меңгерушілері: Беймагамбетова А.Т.

Кожухметова А.М.

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

АНЫҚТАМА № 117

Бақылау тақырыбы: "Bilimclass" электрондық журналын жүргізу мониторингі

Бақылау мақсаты: Электрондық журналдарын толтырудың сәйкестігі, ақпарат ҰБДҚ дұрыс ұсыну

Бақылау объектісі: "Bilimclass" электрондық журналы

Бақылау түрі: күнделікті

Бақылау әдістері: мониторинг

Орындау мерзімі: наурыз

Жауапты тұлғалар: ОІЖО

Қарау орны: ДЖК

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау: қажеттілігіне қарай

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де "Bilimclass" электрондық журналын жүргізу мониторингі туралы анықтама.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде «Bilimclass» электрондық журналын жүргізу бойынша мұғалімдердің жұмысы жалпы талаптарға сәйкес екендігі анықталды. Электрондық журнал уақытылы және жүйелі түрде толтырылады, сабақ тақырыптары оқу бағдарламасына сай енгізілген. Оқушылардың бағалары күнделікті қойылып, кері байланыс беріліп отырған.

Сонымен қатар, кейбір пәндер бойынша үй тапсырмаларын енгізуде және қалыптастырушы бағалау нәтижелерін толық көрсетуде бірқатар кемшіліктер байқалды. Жекелеген мұғалімдер тарапынан журналды кеш толтыру фактілері тіркелді. Кемшіліктер байқалған ұстаздарға ескерту жасалып, түзетулер енгізілді. Жалпы алғанда, электрондық журналды жүргізу деңгейі «жақсы» деп бағаланды. Анықталған кемшіліктерді жою мақсатында жауапты тұлғаларға нақты ұсыныстар берілді, бақылауды күшейту қажеттілігі ескертілді.

Общеобразовательная школа села Старый Колутон отдела образования по Астраханскому району управления образования Ақмолинской области

Показатель	Значение
Проведенных уроков	100% (343/343)
Уроков с темами	100% (343/343)
Уроков с оценками	99% (239/241)
Бағалау	97%

Список преподавателей школы

Преподаватель	Индекс задения	Проведенных уроков	Уроков с темами	Уроков с оценками
Беймагамбетова Данияр Ерханович	98%	100% (9 / 9)	100% (9 / 9)	100% (7 / 7)
Кожаметова А.М.	99%	100% (8 / 8)	100% (8 / 8)	100% (7 / 7)
Саватова	97%	100% (13 / 13)	100% (13 / 13)	100% (12 / 12)
Саватова	100%	100% (28 / 28)	100%	100%

Оқу ісінің меңгерушілері: Беймагамбетова А.Т.

Кожаметова А.М.

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА № 118

Бақылау тақырыбы: 3 тоқсанда ТЖБ өткізуді ұйымдастыру, 3 тоқсанның қорытындысы

Бақылау мақсаты: 3-тоқсанның қорытындысы бойынша ББД қалыптасу деңгейін талдау негізгі проблемалар және оларды шешу жолдарын белгілеу

Бақылау объектісі: 2-10 сынып оқушылары

Бақылау түрі: дербес

Бақылау әдістері: мониторинг

Орындау мерзімі: наурыз

Жауапты тұлғалар: ОІЖО

Қарау орны: ДЖК

Басқарушылық шешім: хаттама

Екінші бақылау: қажеттілігіне қарай

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де "3 тоқсанда ТЖБ өткізуді ұйымдастыру, 3 тоқсанның қорытындысы туралы анықтама.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде 3-тоқсан бойынша ТЖБ (тоқсандық жиынтық бағалау) өткізу жұмыстары мектепте жоспарға сәйкес ұйымдастырылғаны анықталды. ТЖБ тапсырмалары оқу бағдарламасына сай құрастырылып, белгіленген мерзімде өткізілген. Оқушылардың жұмыстары уақытылы тексеріліп, нәтижелері электрондық жүйеге енгізілген. Сонымен қатар, білім алушылардың білім, білік, дағдылары (ББД) қалыптасу деңгейінде пәндер бойынша айырмашылықтар бар екені байқалды. Кейбір сыныптарда білім сапасының төмендеу себептері ретінде оқушылардың оқу мотивациясының әлсіздігі, тақырыптарды толық меңгермеуі және қалыптастырушы бағалау нәтижелерінің жеткіліксіз қолданылуы анықталды. Жекелеген мұғалімдер тарапынан бағалау критерийлерін нақты түсіндіруде және кері байланыс беруде кемшіліктер кездеседі.

Қорытынды:

Жалпы алғанда, 3-тоқсан бойынша ТЖБ өткізу және оның қорытындыларын шығару жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылған. Дегенмен, білім сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізуді қажет ететін мәселелер бар.

Ұсыныстар:

Пән мұғалімдеріне білім сапасын арттыру мақсатында оқушылармен қосымша жұмыстар (жеке, топтық) ұйымдастыру.

Қалыптастырушы бағалауды тиімді жүргізіп, нәтижелерін жүйелі талдау.

Оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдану.

Бағалау критерийлері мен дескрипторларды оқушыларға нақты әрі түсінікті жеткізу.

Әкімшілік тарапынан ТЖБ нәтижелері бойынша тұрақты мониторинг жүргізіп, бақылауды күшейту.

Оқу ісінің меңгерушілері: Беймагамбетова А.Т.

Кожухметова А.М

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

АНЫҚТАМА № 119

Бақылау тақырыбы: 3, 4, 5, 6-сыныптардың математика пәні бойынша дәптерлерін тексеруді бақылау

Бақылау мақсаты: Жазбаша жұмыстардың дұрыс ресімделуі; бірыңғай орфографиялық режимді сақтау; сынып және үй жұмыстары көлемінің сәйкестігі.

Бақылау объектісі: 3, 4, 5, 6 сыныптар

Бақылау түрі: жоспарлы

Бақылау әдістері: Оқушылардың дәптерлерін тексеру

Орындау мерзімі: 11-15 наурыз

Жауапты тұлғалар: ОІЖО

Қарау орны:

Басқарушылық шешім: анықтама.

Екінші бақылау: әр тоқсанда

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де 3, 4, 5, 6-сыныптардың математика пәні бойынша дәптерлерін тексеруді бақылау туралы анықтама.

Бақылау барысында аталған сыныптардың математика дәптерлері қаралып, төмендегі бағыттар бойынша талдау жасалды:дәптердің сыртқы талапқа сай ресімделуі;

күннің, тақырыптың дұрыс жазылуы;

есептердің толық әрі сауатты орындалуы;

каллиграфиялық талаптардың сақталуы;қателермен жұмыс жүргізілуі;мұғалімнің тексеру жиілігі мен кері байланысы.

Анықталған жағдайлар:

Көпшілік оқушылар дәптерді ұқыпты жүргізеді, күнін, тақырыбын дұрыс жазады;

Есептер ретімен, жүйелі орындалған;

Мұғалімдер тарапынан дәптерлер уақытылы тексеріліп, бағалау қойылған;

Кейбір сыныптарда қателермен жұмыс жүргізу жүйесі қалыптасқан.

Кемшіліктері:

Кейбір оқушыларда жазу ұқыпсыз, каллиграфия талаптары толық сақталмаған;

Жекелеген жағдайларда күн мен тақырып жазылмай қалған;

Қателермен жұмыс барлық оқушыларда бірдей жүйелі жүргізілмейді;

Мұғалімдердің тексеру белгілері (ескертпе, түзету) кейде нақты емес немесе толық емес;

Дәптерді безендіру талаптары кей сыныптарда бірізді сақталмаған.

Қорытынды:

Жалпы алғанда, 3–6 сыныптарда математика дәптерлерін жүргізу деңгейі қанағаттанарлық.

Дегенмен, дәптер ресімдеу, каллиграфия, қателермен жұмыс және мұғалімнің кері байланыс сапасын жетілдіруді қажет етеді.

Ұсыныстар:

Мұғалімдер дәптер тексеруді жүйелі түрде жүргізіп, нақты кері байланыс берсін;

Оқушыларға дәптер жүргізу талаптарын қайта түсіндіріп, бірізділікті сақтау;

Қателермен жұмысты тұрақты ұйымдастыру;

Каллиграфия талаптарын сақтау бойынша қосымша жұмыс жүргізу;

Әкімшілік тарапынан дәптер тексеруді жүйелі бақылауға алу.

Оқу ісінің меңгерушілері: Беймагамбетова А.Т.

Кожухметова А.М.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

АНЫҚТАМА № 120

Бақылау тақырыбы: Вариативтік компоненттің сабақтарын бақылау
Бақылау мақсаты: Педагогтердің жұмыс жүйесін тексеру
Бақылау объектісі: оқушылар
Бақылау түрі: дербес
Бақылау әдістері: талдау
Орындау мерзімі: наурыз
Жауапты тұлғалар: ДОІЖО
Қарау орны: Директ.ОІЖО кеңесінде
Басқарушылық шешім: анықтама
Екінші бақылау: қажеттілігіне қарай
Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де вариативтік компоненттің сабақтарын бақылау туралы анықтама.

Бақылау барысында келесі мәселелер қарастырылды:

- Сабақтың мақсат-міндеттерінің айқын қойылуы;
- Оқу бағдарламасының талапқа сай орындалуы;
- Оқыту әдістері мен тәсілдерінің тиімділігі;
- Оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі;

Сабақтарға қатысу нәтижесінде мұғалімдердің вариативтік компонент бойынша оқу материалын жүйелі түрде жоспарланған. Оқушылардың пәнге қызығушылығы жоғары, берілген тапсырмаларды орындауда белсенділік танытады. Мектеп бойынша жаһандық құзыреттілік сабақтарын бақылау. Жаһандық құзыреттілік бірінші ауысымда Мухамеджанова Н.К. мен Баймагамбетов Д.Е., екінші ауысымда Бейсенби Айсауле береді. Баймагамбетов Д.Е. 10 а,б сыныптарында АӘД сабағы бойынша өткізеді. Мухамеджанова Н.Е. 5-9 б сыныптарына сабақ береді, 9 б сыныптың сабағы бақыланды. Сабақ барысында оқушылардың сөздік қорларын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. Оқушыларды мадақта арқылы сабаққа деген ынталарын арттыру. Бейсенби Айсауле 5 а сыныптың сабағы бақыланды. Сабақ барысында оқушылармен көбірек дейгейлі тапсырмалар беру арқылы ә баланың қабілетін ашу, тіл байлықтарын арттыру. Сонымен қатар, кейбір сабақтарда оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру, сараланған тапсырмаларды көбірек қолдану қажеттілігі анықталды.

Қорытынды:

Жалпы алғанда, вариативтік компонент сабақтарының жүргізілу деңгейі қанағаттанар. Алдағы уақытта оқыту әдістерін жетілдіру, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында жұмыстарды жалғастыру ұсынылады.

Ұсыныстар:

1. Сабақ барысында сараланған оқыту әдістерін кеңінен қолдану;
2. АКТ құралдарын тиімді пайдалану;

Оқу ісінің меңгерушілері: Беймагамбетова А.Т.

Кожухметова А.М.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

АНЫҚТАМА № 121

Бақылау тақырыбы: АӘДТ апталығы

Бақылау мақсаты: педагогтердің білімге деген жаңа көзқарастарды меңгерту деңгейін анықтау

Бақылау объектісі: педагог

Бақылау түрі: фронталды

Бақылау әдістері: жоспарға сәйкес сабақтарға қатысу

Орындау мерзімі: 10-18 наурыз

Жауапты тұлғалар: ОІЖО, ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері

Қарау орны: Директ.ОІЖО кеңесінде

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау: кестеге сәйкес


Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де АӘДТ апталығы туралы анықтама.

С 10 по 18 марта в КГУ «ООШ села Старый Колутон» проходила декада по Начальной военной и технологической подготовке, с связи с погодными условиями перехода на онлайн-обучение некоторые задания давались онлайн док фильм «Қара майор»

12.03.2026г проводил соревнование среди учителей по стрельбе из пневматической винтовке «Меткий стрелок» 1 место занял учитель математики Суйкумбаев Д.С 2 место учитель истории Мухара К 3 место учитель информатики Алтынбек Б все призеры были награждены призами.

13.03.2026 проходили соревнование среди старших классов по разборке сборке АК-74 также проводилась стрельба «Снайпер». Отличились с хорошими результатами Фрикель Владислав Алтынбек Нурзат Тищенко Вячеслав.

16.03.2026 проводился открытый урок тема: Защита органов дыхания



Қорытынды:

Жалпы алғанда, АӘДТ сабақтарының жүргізілу деңгейі қанағаттанарлық. Алдағы уақытта оқыту әдістерін жетілдіру, оқушыларды жылдамдыққа баулу.

Оқу ісінің меңгерушілері: Беймагамбетова А.Т.
Кожухметова А.М.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

АНЫҚТАМА № 122

Бақылау тақырыбы: Білім сапасы төмен сыныптардағы сабақтарға қатысу

Бақылау мақсаты: Оқыту сапасын арттыру мақсатында оқушылармен ынталандыру жұмыстарын ұйымдастырылуын бақылау

Бақылау объектісі: білім сапасы төмен сыныптар

Бақылау түрі: тақырыптық

Бақылау әдістері: сабақтарға қатысу, оқушылардың жазба жұмыстары мен тест нәтижелерін талдау, әңгімелесу

Орындау мерзімі: наурыз

Жауапты тұлғалар: Сынып жетекшілер, ОІЖО

Қарау орны: Директ.ОІЖО кеңесінде

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау: қажеттілігіне қарай

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де білім сапасы төмен сыныптардағы сабақтарға қатысу туралы анықтама.

Жүргізілген бақылау барысында білім сапасы төмен 9 «Б» сынып сабақтарына қатысу деңгейі мен оқушылардың оқу белсенділігі зерделенді. Сабақтарға қатысу көрсеткіштері бойынша: сыныпта кейбір оқушылардың қатысуы тұрақты болғанымен, жекелеген оқушылар Адиятов Давид, Тищенко Александра тарапынан себепсіз қалулар жиі кездеседі. Бұл өз кезегінде оқу үлгерімінің төмендеуіне әсер ететіні анықталды.

Осы оқушылардың денсаулығына байланысты және себепсіз де сабақтан қалуы тоқсандық бағаларына және сыныптың тоқсандық сапасына әсер етуде.

Жазба жұмыстары мен тест нәтижелерін талдау барысында білім олқылықтарының бар екені, әсіресе негізгі пәндер бойынша білімнің жүйесіздігі анықталды.

Мұғалімдердің сабақ өткізу барысында саралап оқыту, жеке қолдау көрсету, оқушыларды ынталандыру әдістерін қолдану деңгейі әртүрлі. Кейбір сабақтарда тиімді әдіс-тәсілдер қолданылғанымен, жалпы алғанда оқушылардың қызығушылығын арттыруға бағытталған жұмыстарды күшейту қажеттілігі байқалады. Бірақ материалдық техникалық базаның әлсіздігіне байланысты күнделікті платформалармен жұмыс істеу мүмкіндігі жоқ.

Жалпы қорытындылай келе, білім сапасы төмен сыныптарда сабаққа қатысу мен оқу мотивациясын арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру, оқушылармен жеке жұмыс жүргізу, білімдегі олқылықтарды жою бойынша жүйелі шаралар қабылдау қажеттігі айқындалды.

Оқу ісінің меңгерушілері:

Беймагамбетова А.Т.

Кожухметова А.М.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

АНЫҚТАМА № 123

Бақылау тақырыбы: Оқушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және олардың орнын толықтыру бойынша пән мұғалімдерінің жүргізіп жатқан жұмыстарының тиімділігін

Бақылау мақсаты: Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша мектептің жұмыс жоспарының орындалуы.

Бақылау объектісі: Пән мұғалімдерінің олықтарды толықтыру жоспарының орындалуы, физика, география, орыс тілі пәндері мұғалімдерінің олқылықтарды толықтыру бойынша жұмыс жоспары

Бақылау түрі: тақырыптық

Бақылау әдістері: сабақтарға қатысу, құжаттарды зерделеу, оқушылардың жазба жұмыстары мен тест нәтижелерін талдау, әңгімелесу

Орындау мерзімі: наурыз

Жауапты тұлғалар: Сынып жетекшілер, ОІЖО

Қарау орны: Директ.ОІЖО кеңесінде

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау: қажеттілігіне қарай

Тексеру нәтижелері: Мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон 'ауылының ЖОББМ» КММ-де пән мұғалімдерінің олықтарды толықтыру жоспарының орындалуы туралы анықтама.

Мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес физика, география және орыс тілі пәндері бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстарының орындалуына талдау жүргізілді. Тексеру барысында пән мұғалімдерінің әрқайсысында оқушылардың білім деңгейіне талдау жасалып, олқылықтарды анықтау бойынша диагностикалық жұмыстар жүргізілгені анықталды. Физика пәні бойынша: Мұғалім оқушылардың есеп шығару дағдыларында, формулаларды қолдануда және теориялық білімді практикамен байланыстыруда қиындықтар бар екенін анықтаған. Осыған байланысты қосымша сабақтар, деңгейлік тапсырмалар, жеке жұмыстар ұйымдастырылған. Кейбір оқушыларда ілгерілеу байқалады, алайда барлық оқушылар толық қамтылмаған. География пәні бойынша: Картамен жұмыс, терминдерді меңгеру, табиғи құбылыстарды түсіндіру бойынша олқылықтар анықталған. Мұғалім тарапынан тақырыптық қайталау, тест тапсырмалары, қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Дегенмен, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жұмыстары жеткіліксіз деңгейде. Орыс тілі пәні бойынша: Грамматикалық ережелерді қолдану, мәтінді түсіну және жазбаша сауаттылық бойынша қиындықтар бар. Мұғалім жеке және топтық жұмыстар, диктанттар, мәтінмен жұмыс арқылы олқылықтарды жоюға бағытталған жұмыстар жүргізуде. Кейбір оқушыларда оң динамика байқалады.

Жалпы алғанда, пән мұғалімдері жоспар құрған, бірақ жоспардың орындалуы жүйелі түрде бақылауды қажет етеді. Кейбір жағдайда жұмыстың нәтижелілігі төмен, себебі оқушылардың жеке ерекшеліктері толық ескерілмеген.

Қорытынды: Физика, география және орыс тілі пәндері бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру жұмыстары жүргізілуде, алайда оның тиімділігі орташа деңгейде. Жұмыстарды жүйелеу және нәтижеге бағыттау қажет.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

АНЫҚТАМА № 124

Бақылау тақырыбы: Сабақ жоспарларын тексеру

Бақылау мақсаты: Сабақ жоспарларын дайындау сапасын анықтау, мұғалімнің сабаққа дайындық және өткізу талаптарын орындауын зерттеу.

Бақылау объектісі: педұжым

Бақылау түрі: дербес

Бақылау әдістері: жоспарлы тексеру

Орындау мерзімі: күнделікті

Жауапты тұлғалар: ДОІЖО

Қарау орны: Директ.ОІЖО кеңесінде

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау: күнделікті

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де сабақ жоспарларын тексеру туралы анықтама.

Мектеп бойынша тексеру барысында мұғалімдердің қысқа мерзімді сабақ жоспарлары қарастырылды. Сабақ жоспарлары оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған, сабақ мақсаттары нақты, қолжетімді және бағалау критерийлерімен үйлестірілгені байқалды. Көптеген мұғалімдер сабақ барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерді тиімді жоспарлаған, саралау мен қалыптастырушы бағалау элементтері ескерілген. Сабақ жоспары өте жоғары деңгейде дайындайтын химия, биология, география пәнінің мұғалімі Трощенковская Т.В. мен тарих пәнінің мұғалімі Мухара Кадирхан. Әр сабақтарында презентация қолданады. ЖИ элементтерін және ресурстарды әр сабақ сайын қолданады.

Сонымен қатар, кейбір сабақ жоспарларында келесі кемшіліктер анықталды:

- сабақ мақсаттарының нақты тұжырымдалмауы;
- бағалау критерийлерінің толық көрсетілмеуі;
- тапсырмалардың саралануы жеткіліксіз деңгейде қарастырылған;
- уақытты тиімді бөлу мәселелері кездеседі.

Кейбір мұғалімдердің сабақ жоспарларында құндылықтар жазылмаған, АКТ элементтерін әр сыныпта панель, интерактивті тақта болмағандықтан көбінесе қолдана алмайды. Бірақта ноутбуктан көрсете алады.

Жалпы алғанда, сабақ жоспарларының сапасы қанағаттанарлық деңгейде. Анықталған кемшіліктерді жою мақсатында мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету ұсынылады.

Қорытынды: Мұғалімдердің сабақ жоспарларын жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

Оқу ісінің меңгерушілері: **Беймагамбетова А.Т.**

Кожухметова А.М.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

АНЫҚТАМА № 125

Бақылау тақырыбы: ЖМБ сабақтарында PISA тапсырмаларын шешу.

Бақылау мақсаты: Сабақта оқушылардың ойлау дағдыларын дамыту.

Бақылау объектісі: сабақтарға қатысу

Бақылау түрі: дербес

Бақылау әдістері: бақылау

Орындау мерзімі: наурыз

Жауапты тұлғалар: ДОІЖО

Қарау орны: Директ.ОІЖО кеңесінде

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау:

Тексеру нәтижелері: Мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де ЖМБ сабақтарында PISA тапсырмаларын шешу туралы анықтама.

ЖМБ (жаратылыстану-математикалық бағыт) сабақтарында PISA тапсырмаларын шешу – оқушылардың тек теориялық білімін емес, оны өмірлік жағдаяттарда қолдана алу қабілетін дамытуға бағытталған үдеріс.

ЖМБ сабақтарында PISA тапсырмаларын шешу – бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған, нақты өмірлік жағдайларға негізделген есептерді талдау, түсіну және тиімді шешу дағдыларын дамытуға бағытталған оқу әрекеті. Бұл тапсырмалар оқушылардың сыни ойлауын, логикалық пайымдауын, деректерді интерпретациялауын және ғылыми білімді практикалық тұрғыда қолдануын жетілдіреді.

Қысқаша сипаттамасы:

- Нақты өмірмен байланысты жағдайлар беріледі
- Бір ғана дұрыс жауап емес, ойлау процесі маңызды
- Әртүрлі форматтағы тапсырмалар (мәтін, график, кесте)
- Пәнаралық байланысқа негізделген
- Оқушының талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамытады

Биология, химия, география пәнінің мұғалімі Трощеновская Т.В. осы сабақтардан оқушыларға тапсырмалар үнемі сабақ кезінде береді. Ол мұғалімнің өзінің жасаған тапсырмалары қоры да бар. География пәнінің мұғалімі Шукеева Г.У. сабақта оқушыларға тапсырмалар береді. Басқа мұғалімдер жас маман, сондықтан олар курстан өтпеді. Алдағы уақытта курсты оқып, өтеді.

Қорытынды: Физика, география, химия, биология пәндері бойынша PISA тапсырмалары орташа деңгейде. Жұмыстарды жүйелеу және нәтижеге бағыттау қажет.

Оқу ісінің меңгерушілері: **Беймагамбетова А.Т.**

Кожухметова А.М.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

АНЫҚТАМА № 126

Бақылау тақырыбы: Педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелерін диагностикалау және талдау

Бақылау мақсаты: педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелерін диагностикалау және талдау жүргізу

Бақылау объектісі: педагогтер

Бақылау түрі: дербес

Бақылау әдістері: кесте, қорытынды шығару

Орындау мерзімі: наурыз

Жауапты тұлғалар: ӘБ жетекшілері, ОІЖО

Қарау орны: ӘБ отырысы

Басқарушылық шешім: мәлімет беру, анықтама

Екінші бақылау: қажеттілігіне қарай

Тексеру нәтижелері: Мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелерін диагностикалау және талдау туралы анықтама.

Мектепте педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелерін анықтау мақсатында жоспарлы түрде диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Диагностиканың негізгі мақсаты – педагогтердің оқу-тәрбие үдерісіндегі тиімділігін, кәсіби құзыреттілік деңгейін және білім сапасына қосқан үлесін анықтау.

Диагностикалау барысында келесі бағыттар қамтылды:

- оқу жетістіктерінің сапасы (білім алушылардың үлгерімі, білім сапасы);
- сабақ беру әдістерінің тиімділігі;
- педагогтердің кәсіби дамуы (біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, тренингтерге қатысуы);
- инновациялық технологияларды қолдану деңгейі;
- тәрбие жұмысының нәтижелілігі.

№	Сынып	Үлг	Сапа Іг	Сапа ІІг	Сапа ІІІг	Сынып жетекшілер
1	2А	100%	67%	83%	83%	Искакова А.Е.
2	2Б	100%	60%	75%	75%	Ридунова М.Я.
3	3А	100%	67%	67%	83%	Беймагамбетова А.Т.
4	3Б	100%	67%	67%	67%	Ридунова М.Я.
5	4А	100%	60%	60%	60%	Хамзина А.Е.
6	5А	100%	75%	75%	75%	Кожаметова А.М.
7	5Б	100%	60%	60%	60%	Мухамеджанова Н.К.
8	6А	100%	67%	67%	67%	Акпанбаева Г.А.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

АНЫҚТАМА № 127

Бақылау тақырыбы: Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету

Бақылау мақсаты: Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыруды бақылау

Бақылау объектісі: 1-4 сыныптар, аз қамтылған балалар

Бақылау түрі: 1-4 сыныптар, аз қамтылған балалар

Бақылау әдістері: бақылау

Орындау мерзімі: наурыз

Жауапты тұлғалар: әлеуметтік педагог

Қарау орны: Директ.ОІЖО кеңесінде

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау: қажеттілігіне қарай

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы анықтама.

Мектепте 1-4 сыныптар және аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес тегін ыстық тамақпен қамтылуда. Тегін тамақтандыру оқу жылы бойы белгіленген тәртіпке сай ұйымдастырылып, санитарлық-гигиеналық талаптарға толық сәйкес жүргізіледі. Тегін тамақтану оқушыларға дәмді, ұнайды. Оқушыларға ұсынылатын тағам мәзірі теңгерімді, дәрумендерге бай және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болады. Ыстық тегін тамақпен қамтамасыз ету жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Аталған көмек оқушылардың денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету және олардың оқу үлгерімін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

Оқушыларды ыстық тегін тамақпен қамтамасыз ету жалпы білім беретін мектептерде әлеуметтік осал топтарға жататын білім алушыларды қолдау мақсатында ұйымдастырылады.

Қорытынды: Оқушыларға тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жүйесін қадағалау.

Оқу ісінің меңгерушілері: **Беймагамбетова А.Т.**

Кожухметова А.М.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

АНЫҚТАМА № 128

Бақылау тақырыбы: Азаматтық қорғаныс жұмысын бақылау
Бақылау мақсаты: Мектеп бойынша азаматтық қорғаныс іс -шараларының сапалы жүргізілуін қадағалау
Бақылау объектісі: 1-10 сыныптар
Бақылау түрі: іс -шара
Бақылау әдістері: педагогтер
Орындау мерзімі: наурыз
Жауапты тұлғалар: Сынып жетекшілер, ОІЖО
Қарау орны: Директ.ОІЖО кеңесінде
Басқарушылық шешім: анықтама
Екінші бақылау: қажеттілігіне қарай
Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де азаматтық қорғаныс жұмысын бақылау туралы анықтама.

Бақылау барысында төмендегідей мәселелер қарастырылды:

- 1. Азаматтық қорғаныс бойынша жоспарлау құжаттары**
Мектепте азаматтық қорғанысқа қатысты негізгі жоспарлар (АҚ жоспары, төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету жоспары) әзірленген және бекітілген. Құжаттар талаптарға сәйкес жүргізіледі .
- 2. Қызметкерлердің дайындығы**
Қызметкерлермен азаматтық қорғаныс бойынша нұсқамалар өткізіледі. Оқу-жаттығу іс-шаралары жоспарға сәйкес жүргізіледі.
- 3. Хабарландыру жүйесі**
Төтенше жағдай кезінде хабар беру жүйесі бар және жұмыс істейді.
- 4. Қорғаныс құралдары**
Жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарының болуы тексерілді. Қамтамасыз ету деңгейі қанағаттанарлық.
- 5. Материалдық-техникалық база**
Азаматтық қорғаныс шараларын орындауға қажетті құрал-жабдықтар бар.
- 6. Құжаттаманың жүргізілуі**
Журналдар мен есеп құжаттары уақытылы және дұрыс толтырылады .

Қорытынды:

Жалпы алғанда, мектепте азаматтық қорғаныс жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылған.

Ұсыныстар:

- Азаматтық қорғаныс жоспарларын жетілдіру;
- Қызметкерлердің дайындық деңгейін арттыру мақсатында оқу-жаттығуларды жиі өткізу;
- Құжаттаманы талапқа сай жүргізуді бақылауды күшейту.

Оқу ісінің меңгерушілері: **Беймагамбетова А.Т.**

Кожухметова А.М.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі
Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі**

АНЫҚТАМА № 129

Бақылау тақырыбы: Аналар сайысы

Бақылау мақсаты: Іс -шара

Бақылау объектісі: 1-10 сыныптар

Бақылау түрі: сайыс

Бақылау әдістері: педагогтер мен ата -аналар

Орындау мерзімі: наурыз

Жауапты тұлғалар: Сынып жетекшілер, ДОІЖО

Қарау орны: Директ.ОІЖО кеңесінде

Басқарушылық шешім: анықтама

Екінші бақылау: «Жол картасы» жоспарына сай

Тексеру нәтижелері: Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 2025 -2026 оқу жылының басында «Старый Колутон ауылының ЖОББМ» КММ-де аналар сайысы туралы анықтама. 18 желтоқсан бастауыш сынып арасында «Даналық мектеп» бойынша «Өнерлі ана –өнегелі ұрпақ» атты аналар сайысы өтті.

Мақсаты: жас ұрпаққа атадан қалған үлгі – өнегені насихаттау. Сайысқа үш ата – ана қатысты. Сайыс барысында өздерін таныстырып, өнерлерін көрсетіп,білімдерін де шындады. Сайыс өте тартымды өтті. Аналарымыз әр түрлі номинациялармен марапатталды.



Өткізген: Алтай Рита, Тайшыбаева А.Ж.

Қорытынды: мектепшілік іс -шараларға ата- аналарды көбірек қатыстыруға шақыру.

Оқу ісінің меңгерушілері: Беймагамбетова А.Т.

Кожаметова А.М.